



**6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 жасқа дейінгі жас санатындағы ұлдар мен қыздар арасында  
стандартты (классикалық), жылдам (рапид) және шапшаң (блиц) шахматтан 2025 жылғы  
Қазақстан Республикасы чемпионатының  
РЕГЛАМЕНТІ**

**1. Мақсаттар мен міндеттер**

- 1.1. Стандартты (классикалық), жылдам (рапид) және шапшаң (блиц) шахматтан Қазақстан Республикасының 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 жасқа дейінгі жас санатындағы 2025 жылғы чемпиондарын анықтау.
- 1.2. 8, 10, 12, 14, 16, 18 жасқа дейінгі жас санатындағы ұлдар мен қыздар арасында 2025 жылы өтетін классикалық шахматтан әлем және Азия чемпионатында Қазақстан Республикасының ресми ойыншыларын анықтау.
- 1.3. Қазақстан Республикасында шахматты халық арасында тарату;
- 1.4. Салауатты өмір салтын насихаттау.

**2. Өтетін мерзімі мен жері**

- 2.1. Ұлдар мен қыздар арасындағы ҚР чемпионаты (бұдан әрі – Чемпионат) 2025 жылғы 14 қаңтардан (келу күні) бастап 26 қаңтарға дейін (кету күні) Алматы қаласында өтеді.
- 2.2. Мекенжайы: Алматы қаласы, Атакент ҚІБЮ, 9-шы павильон.

**3. Жарыс өткізуге басшылық ету**

- 3.1. Жарысты өткізу бойынша жауапкершілік Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне, «Қазақстан шахмат федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігіне (бұдан әрі – ҚШФ) және төрешілер алқасына жүктеледі.
- 3.2. Жарыстың бас төрешісі – Бабенко А.В.

**4. Жарысқа қатысушылар**

- 4.1. Жарысқа ҚШФ-да белгіленген тәртіппен тіркелген, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар және Халықаралық шахмат федерациясында (ФИДЕ) ҚШФ атынан өкілдік ететін мына жас санаттарындағы спортшылар жіберіледі:
  - 6 жасқа дейін – 2019 жылы туған және одан кіші;
  - 8 жасқа дейін – 2017 жылы туған және одан кіші;
  - 10 жасқа дейін – 2015 жылы туған және одан кіші;
  - 12 жасқа дейін – 2013 жылы туған және одан кіші;
  - 14 жасқа дейін – 2011 жылы туған және одан кіші;
  - 16 жасқа дейін – 2009 жылы туған және одан кіші;
  - 18 жасқа дейін – 2007 жылы туған және одан кіші;
- 4.2. Қыздар және ұлдар бөлек-бөлек ойнайды. Шахматшының жасы үлкендеу спортшылардың тобына қатысуына рұқсат етіледі. Үлкендеу жас санатында тиісті орынды жеңіп алған жағдайда спортшы әлем немесе Азия чемпионатында осы жас санатында ғана Қазақстан Республикасына ресми ойыншы ретінде өкілдік ете алады.
- 4.3. Әр облыс әр жас санатында аккредиттелген облыстық федерациялар немесе «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ облыстық филиалы өткізген ресми іріктеу турнирлерінде 1-3-ші орын алған үш ресми қатысушыдан тіркей алады.

4.4. Республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы, Шымкент) әр жас санатында аккредиттелген қалалық федерациялар / ҚШФ қалалық филиалы өткізген ресми іріктеу турнирлерінде 1-6-шы орын алған алты ресми қатысушыдан тіркей алады.

4.5. Чемпионатқа **ресми қатысушылар** болып облыстық іріктеу турнирлерінде (17 облыс) және қалалық іріктеу турнирлерінде (Астана, Алматы, Шымкент) 1-6-шы орын алған шахматшылар есептеледі. Қалған барлық шахматшылар, ресми қатысушылардың ҚР чемпионатына қатыспаған жағдайында да, қосымша қатысушылар болып саналады.

4.6. Чемпионатқа **қосымша қатысушылар** аккредиттелген облыстық / қалалық федерациялар немесе ҚШФ облыстық / қалалық филиалы өткізген ресми іріктеу турнирлерінде 4-15-ші (17 облыс) және 7-20-шы орын алған (Астана, Алматы, Шымкент) шахматшылар бола алады.

4.7. Қала/облыс чемпионатына (іріктеу турниріне) дәлелді себеппен (ауыруы, шахматшының ФИДЕ ресми халықаралық турнирлеріне қатысуы) қатыса алмаған қосымша қатысушылар спортшыда 10 жасқа дейінгі және одан жоғары жас санаттары бойынша 1-ші немесе одан жоғары разряд, 6 және 8 жасқа дейінгі санаттар үшін – 3-ші разряд болған жағдайда ғана, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың аға жаттықтырушыларының өтініші бойынша қатыстырылуы мүмкін. Өтінімдер 06.12.2024 бастап 16.12.2024 дейін (қоса алғанда) мына сілтеме арқылы беріледі: <https://forms.gle/218PkLWPHWEMfemr9>. Осы талаптардың орындалуы Чемпионатқа қатысуға рұқсат алынуына кепілдік бермейді, қатысуға рұқсат туралы түпкілікті шешім ҚШФ құзырына жатады және ол **ең ерте дегенде 25.12.2024 ж.** қабылданады.



4.8. ҚР чемпионатына **қатысуға дербес құқық** Классикалық шахматтан Қазақстан Республикасы чемпионаттарының жүлдегерлерінде; классикалық шахматтан Әлем және Азияның, Батыс Азия чемпионаттарының жүлдегерлерінде; оқушылар арасындағы классикалық шахматтан 2024 жылғы Әлем және Азия чемпионаттарының жүлдегерлерінде, 2022-2024 жылдардағы классикалық шахматтан Әлем және Азия чемпиондарында, сондай-ақ 2024 жылғы Жас таланттарды қолдау бағдарламасына қатысушыларда бар. Чемпионатқа қатысуға дербес құқық қатысушының ресми немесе қосымша қатысушы мәртебесіне қарамастан болады. Қатысуға дербес құқығы бар қатысушылар турнир жарнасын төлеуден босатылады.

4.9. Қазақстан шахмат федерациясы дәлелді негіздер болған жағдайда ҚШФ Жаттықтырушылар кеңесінің шешімі бойынша турнир жарнасын төлемей қосымша қатысушыларға рұқсат беру құқығын өзіне қалдырады.

## 5. Тіркеу, турнир жарнасы

5.1. Барлық облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың аға жаттықтырушылары **06.12.2024 ж.** дейін іріктеу турнирлерінің нәтижелері туралы қол қойылған хаттамаларды мына электрондық адреске жібереді: [tournaments@kazchess.kz](mailto:tournaments@kazchess.kz)

5.2. Қатысушылар <https://forms.gle/218PkLWPHWEMfemr9> сілтемесі арқылы өтіп тиісті нысанды толтыру арқылы дербес тіркеледі. Тіркеу **06.12.2024 ж.** ашылуы және **16.12.2024 ж. (қоса алғанда)** аяқталуы керек. Тіркелуге 4.5., 4.6., 4.8-тармақтарында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келетін қатысушылар жіберіледі.



5.3. Облыстық / қалалық іріктеу чемпионаттарында «6 жасқа дейінгі» санат болмаған жағдайда ұйымдастыру комитетінің бас жаттықтырушының өтініші бойынша қатысушылардың құрамына осы жас тобына жататын ең көп дегенде алты спортшыны (U6/3, G6/3) қосуға құқығы бар.

5.4. Іріктеу чемпионаттары кейінгі күнде өтеді деп жоспарланған облыстар / республикалық маңызы бар қалалар қатысуға өтінімдерді 16.12.2024 ж. кейін, бірақ 25.12.2024 ж. кешіктірмей бере алады. Бұл орайда аға жаттықтырушы өтінімдер берудің болжамды мерзімі туралы ұйымдастыру комитетіне алдын ала хабарлауға міндетті.

5.5. Ресми қатысушылар мен қатысуға дербес құқығы бар қатысушылар жарна төлеместен қатысуға жіберіледі. Қосымша қатысушылар үшін жарна сомасы 30 000 теңге. Төлем жасауға сілтеме 5.2-тармағында көрсетілген тіркеу нысанында берілген.

5.6. **18.12.2024 ж. дейін** ұйымдастыру комитеті барлық берілген өтінімдердің белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін тексереді және оларды бекітеді.

5.7. Қатысушылардың толық тізімі жасалғаннан кейін ұйымдастыру комитеті бекітілген тізімді **20.12.2024 ж. дейінгі** мерзімде тиісті облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың аға жаттықтырушысына жолдайды. Аға жаттықтырушы:

- а) өтінімге жергілікті мемлекеттік спорт органының мөрінің басылуын қамтамасыз етуі;
- б) өтінімге тиісті дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің мөрі басылуын қамтамасыз етуі қажет.
- с) толық ресімделген және куәландырылған өтінімдер ұйымдастыру комитетіне **25.12.2024 ж.** дейінгі мерзімде жіберілуі тиіс.

5.8. **Ұйымдастыру комитеті орын санының шектеулі болуына байланысты тіркеуді жарияланған мерзімінен бұрын жабу құқығын өзіне қалдырады.**

5.9. **Қатысушылардың бастапқы тізімін қалыптастыру бойынша түпкілікті шешімді Қазақстан шахмат федерациясы қабылдайды.**

## **6. Жеңімпаздарды анықтау, бағдарлама**

6.1. Жарыс швейцариялық жүйе бойынша 9 турмен өтеді. Турнирді швейцариялық жүйе бойынша өткізуге қатысушылар саны жеткіліксіз болған жағдайда айналма жүйе пайдаланылады. Жылдам және шапшаң шахмат жарысын өткізу форматын төрешілер алқасы қатысушылардың санына қарай анықтайды.

6.2. Уақыт бақылау:

- «классика» – 90 минут және бірінші жүрістен бастап партияның аяғына дейін әр қатысушыға жасаған жүрісі үшін + 30 секунд;
- «рапид» – 15 минут және бірінші жүрістен бастап партияның аяғына дейін әр қатысушыға жасаған жүрісі үшін + 10 секунд;
- «блиц» – 3 минут және бірінші жүрістен бастап партияның аяғына дейін әр қатысушыға жасаған жүрісі үшін + 2 секунд.

6.3. Турға кешігіп келудің жол берілетін уақыты – 30 минут.

6.4. Жарыс жеңімпаздары барлық партияда жинаған ұпайларының ең үлкен саны бойынша анықталады.

6.4.1. Екі немесе одан да көп қатысушының жинаған ұпайларының саны тең болған жағдайда жүлделі орындар келесі көрсеткіштер бойынша анықталады (артықшылықтың кему ретімен):

- қысқартылған Бухгольц коэффициенті (бір ең нашар нәтижесіз);
- Бухгольц коэффициенті;
- жеке кездесу;
- жеңіске ең көп рет жету;
- кара фигуралармен ойнаған партияның ең көп саны.

6.4.2. Барлық қосымша көрсеткіштер тең болған жағдайда төрешілер алқасы анықтайтын формула бойынша қосымша матч/жарыс өткізіледі.

6.5. **Апелляция:**

- техникалық кеңесте даулы мәселелерді шешу үшін Апелляциялық комитет (АК) сайланады (тағайындалады), оның құрамы: төраға, АК екі негізгі мүшесі + АК 2 қосымша мүшесі;
- ойыншы тур аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде 40 000 (қырық мың) теңге мөлшерінде ақшалай кепіл салып және бас төреші арқылы жазбаша түрде апелляция беріп төрешілер алқасының кез келген шешіміне қарсылық бере алады;
- рапид, блиц турнирлерінде апелляция тур аяқталғаннан кейін 15 минуттан кешіктірмей, бірақ келесі тур басталғаннан кешіктірілмей жарыстың бас төрешісі арқылы жазбаша түрде беріледі;
- АК шешімі түпкілікті болып табылады;
- апелляция қанағаттандырылған жағдайда ақшалай кепіл толық мөлшерінде қайтарылады;
- егер АК апелляцияны қабыл алмаса, ақшалай кепіл қайтарылмайды.

## 7. Кесте

Күн	Уақыт	Іс-шара
14.01.2025	12.00 – 19:00	Қатысушыларды аккредиттеу / бейдж беру  *Сағат 19:00-ге дейін аккредиттеуден өтпеген және осы орайда кеш келуіне байланысты аккредиттеуден өте алмағаны туралы ұйымдастыру комитетіне хабарламаған қатысушылар бірінші турдың жеребесіне қосылмайды.  Дер кезінде аккредиттелудің мүмкін еместігі туралы хабарламалар 13 қаңтар сағат 12:00-ден бастап 14 қаңтар 12:00-ге дейін келесі сілтеме арқылы қабылданады:  <a href="https://forms.gle/4u6yNMuNXdYtXvYM8">https://forms.gle/4u6yNMuNXdYtXvYM8</a>
	20:00	Техникалық жиналыс
15.01.2025	10:00	Чемпионаттың ашылу салтанаты
25.01.2025	18:00	Чемпионаттың салтанатты түрде жабылуы
26.01.2025	12:00	Кететін күн



### Стандартты (классикалық) шахмат турнирі

Күн	Уақыт	Іс-шара
15.01.2025	Ашылудан кейін бірден	1-ші тур
16.01.2025	10:00	2-ші тур
	15:00	3-ші тур
17.01.2025	11:00	4-ші тур
18.01.2025	11:00	5-ші тур
19.01.2025	11:00	6-шы тур
20.01.2025	11:00	7-ші тур
21.01.2025	11:00	8-ші тур
22.01.2025	11:00	9-шы тур

### Жылдам (рапид) шахмат турнирі

Күн	Уақыт	Іс-шара
23.01.2025	11:00	1-4-ші турлар
24.01.2025	11:00	5-9-шы турлар

## Шапшаң (блиц) шахмат турнирі

Күн	Уақыт	Іс-шара
25.01.2025	10:00	1-9-шы турлар

7.1. Ұйымдастыру комитеті тур кестесіне өзгеріс енгізу құқығын өзіне қалдырады. Барлық өзгерістер техникалық жиналыста және/немесе турнир залындағы флипчарттарда жарияланған хабарландырулар арқылы қатысушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

7.2. Кестедегі өзгеріс туралы дер кезінде хабардар болмау үшін жауапкершілік спортшыға жүктеледі.

## 8. Марапаттау

8.1. Классикалық шахматтан 8, 10, 12, 14, 16, 18 жас санаттарындағы Қазақстан Республикасының чемпиондары 2025 жылдың тиісті санаттары бойынша ұлдар мен қыздар арасындағы классикалық шахматтан Азия чемпионатына ресми ойыншы ретінде қатысу құқығыни ие болады.

8.2. Классикалық шахматтан 8, 10, 12, 14, 16, 18 жасқа дейінгі жас санаттарындағы Чемпионаттың күміс жүлдегерлері 2025 жылдың тиісті санаттары бойынша ұлдар мен қыздар арасындағы классикалық шахматтан Азия чемпионатына ресми ойыншы ретінде қатысу құқығыни ие болады.

8.3. Классикалық шахматтан 2024 жылғы Әлем және Азия чемпионаттарының жүлдегерлері атанған, 2025 жылдың тиісті турнирлеріне қатысуға жеке құқығы бар ойыншылар шығатын орындар үшін бәсекелеспейді. Мысал. 2024 жылғы әлем чемпионатының жүлдегері Чемпионатта жеңімпаз болды. Бұл жағдайда Чемпионаттың күміс жүлдегері 2025 жылғы әлем чемпионатының тағы бір ресми ойыншысына айналады, ал қола жүлдегер 2025 жылғы Азия чемпионатының ресми ойыншы болады.

8.4. Әлем немесе Азия чемпионатына қатысу құқығын алған негізгі ойыншы тиісті турнирге қатысудан бас тартқан жағдайда бұл құқық келесі орын алған ойыншыға өтеді.

8.5. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері медаль, диплом және ақшалай жүлделермен марапатталады.

8.6. Турнирдің ресми жалпы жүлде қоры 15 120 000 теңге;

8.7. Жүлделер бөлінбейді және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық салуға жатады (ҚР азаматтары үшін 10% мөлшерінде табыс салығы шегеріледі) және 18 жасқа толмаған адамның ата-анасының есеп айырысу шотына аударылады.

8.8. Әрбір жас санатында 1 000 000 теңге мөлшерінде ресми жүлде қоры белгіленген.

8.9. Жүлде қоры келесідей бөлінеді:

## Классикалық шахмат турнирі

1-ші орын	250 000 теңге
2-ші орын	150 000 теңге
3-ші орын	100 000 теңге

## Жылдам шахмат (рапид) турнирі

1-ші орын	100 000 теңге
2-ші орын	80 000 теңге
3-ші орын	70 000 теңге

## Шапшаң шахмат (блиц) турнирі

1-ші орын	100 000 теңге
2-ші орын	80 000 теңге
3-ші орын	70 000 теңге

8.10. Классикалық шахматтан Қазақстан Республикасының чемпионын дайындаған жаттықтырушы 80 000 теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйлықпен марапатталады. Ақшалай сыйлыққа ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс (ҚР азаматтары үшін 10% мөлшеріндегі табыс салығы шегеріледі).

8.10.1. Жаттықтырушыларға арналған ақшалай сыйақы жалпы жүлде қорынан бөлінеді.

**Ескерту.** Егер жаттықтырушы бірнеше чемпион дайындаған болса, оның біреуден артық сыйақы алуына жол беріледі.

8.11. Жалпы командалық есепте жеңіске жеткені үшін Жұлде (Кубок) ең көп алтын медаль жеңіп алған аймақ / қала делегациясына табыс етіледі. Алтын медальдар саны тең болған жағдайда алдымен күміс, содан кейін қола медальдар саны есепке алынады. Үздік 3 делегация кубок, Қазақстан Республикасының чемпионатына қатысқаны туралы естелік сертификаттармен марапатталады.

## 9. Қатысушылардың, жаттықтырушылардың, алып жүрушілердің құқықтары мен міндеттері

9.1. Қатысушылар ФИДЕ қағидаларына және осы Регламентке сәйкес ойнауға міндеттенеді.

9.2. Ойынның жазбасын жасау 6 жасқа дейінгі жас санатынан басқа барлық қатысушылар үшін міндетті.

9.3. Төрешінің екі ескертуінен кейін партияның жазбасын жасамай жатқан қатысушы жеңілді деп есептеледі. Егер турнир барысында бұл жағдай қайталанса, келесі партияда қатысушы жарыстан шығарылады.

9.4. Қатысушылар, жаттықтырушылар, алып жүру адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері мен әдептілік қағидаларын сақтауға міндеттенеді.

9.5. Ойын залына жаттықтырушылардың, алып жүрушілердің кіруіне жарыстың бас төрешісінің келісімімен ғана жол беріледі.

9.6. Ойын тәртібін жүйелі түрде бұзған, қасақана жанжалды жағдай туғызған және басқа да бұзушылық жасаған жағдайда қатысушы жарыстан шығарылады. Жаттықтырушылар мен алып жүретін адамдар тарапынан осындай бұзушылық болған жағдайда тәртіп бұзушылар Чемпионатта болу құқығынан айырылады.

9.7. Чемпионатқа қатысушылардың:

- Апелляциялық Комитетке жүгінуге (6.5-тармақты қараңыз);
- турнир залында алғашқы медициналық көмек көрсетілуіне құқығы бар.

9.8. Қатысушыларда ФИДЕ ID болмаған жағдайда ол чемпионаттан кейін автоматты түрде беріледі.

9.9. ҚР АҚ 145-бабына сәйкес, ҚР АҚ 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін халық арасына кеңінен тарату мақсатында Қатысушы Ұйымдастырушыға:

- Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе оның мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың Қатысушының жарысқа қатысуын бейне және фотоға түсіруіне (фотосурет және/немесе бейнеролик);
- Ұйымдастырушының Қатысушының атын пайдалануына, Қатысушының бейнесін және/немесе жарыстың нәтижесінде алынған, Қатысушы бейнеленген басқа да аудио-, бейне-, фотоматериалдарды кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен, пайдалану мерзімі мен аумағы бойынша шектеусіз жариялауына, жаңғыртуына және таратуына, соның ішінде осы материалдарды өңдеу және үшінші тұлғаларға беру құқығына өзінің

келісiмiн бередi.

Қатысушы осы келісiмдi белгiсiз мерзiмге өтеусiз негiде бередi және оның болашақта Ұйымдастырушыдан қандай да бiр өтемақы төлеуiн талап етуге құқығы жоқ.

## **10. Қаржыландыру**

10.1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі мына шығынды өзіне алады:

- Жеңімпаздарды марапаттау үшін медальдар мен дипломдардың толық жиынтығын беру;
- Төрешілер алқасының жұмысына ақы төлеу;

10.2. Қазақстан шахмат федерациясы мына шығынды өзіне алады:

- 15 120 000 теңге мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- Төрешілер алқасының жұмысына ішінара ақы төлеу;
- Ойын залын қамтамасыз ету; баспа өнімі.

10.3. Спортшылардың жол жүру, тұру және тамақтану шығынын оларды сарапқа жіберуші ұйымдар көтереді.

## **11. Античитерлік шаралар**

11.1. Чемпионатта Античитерлік комиссия жұмыс істейді. Античитерлік комиссияның шешімі бойынша біреудің көмегін пайдаланатын қатысушы (читер) турнирден шығарылуы мүмкін. Античитерлік комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

11.2. Ойын кезінде Чемпионатқа қатысушылардың турнир (ойын) залында кез келген электронды құрылғылардың болуына тыйым салынады.

11.3. Адал ойын қағидаларын бұзғаны ашылған ойыншыны Қазақстан шахмат федерациясы өткізетін турнирлерден одан әрі шығарып тастау туралы мәселе Қазақстан шахмат федерациясының Әдеп жөніндегі комиссиясының қарауына қойылады.

**12. Ұйымдастыру комитеті осы жарыс өткізу туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.**

<b>Бас төреші</b>	Бабенко А.В.
<b>Турнир хатшысы</b>	Мезенцев И.А.
<b>Байланыс деректері</b>	tournaments@kazchess.kz